ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2024 жылғы 17 маусым №7119-24-00-2/6973 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судья Ж.Нұрғалиева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен электрондық азаматтық істі қарады,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің "Астана суарнасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕРЛЕР:
Жеке кәсіпкер «Айлин» Абдураимова Роза Мурат Кизи
Жеке кәсіпкер «Нурмаханбетов» Нурмаханбетов Турар Масымханович
Жеке кәсіпкер «Касымалиева» Касымалиева Гульнара Жаксымбетовна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алудын жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 147, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Астана қаласы әкімдігінің «Астана су арнасы» ШЖҚ МКК «АБДУРАИМОВА РОЗА МУРАТ КИЗИ», «НУРМАХАНБЕТОВ ТУРАР МАСЫМХАНОВИЧ», «КАСЫМАЛИЕВА ГУЛЬНАРА ЖАКСЫМБЕТОВНА» ЖК –ге мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы арызы - қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Айлин» Абдураимова Роза Мурат Кизи мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкерден «Айлин» Абдураимова Роза Мурат Кизи мемлекет кірісіне 1 846 (бір мын сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жеке кәсіпкер «Нурмаханбетов» Нурмаханбетов Турар Масымханович мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Документ подписан: Нұрғалиева Ж. Д., 17.06.2024
Дата вступления в законную силу: 25.07.2024, судья Нұрғалиева Ж. Д., 01.08.2024
7119-24-3-1/6419

Жеке кәсіпкерден «Нурмаханбетов» Нурмаханбетов Турар Масымханович мемлекет кірісіне 1 846 (бір мын сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жеке кәсіпкер «Касымалиева» Касымалиева Гульнара Жаксымбетовна мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкерден «Касымалиева» Касымалиева Гульнара Жаксымбетовна мемлекет кірісіне 1 846 (бір мын сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

АПК-нің 147, 403, 404-баптары негізінде шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Астана қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы тараптар апелляциялық шағымды, наразылықты келтіруге құқылы.

Судья Ж.Нургалиева

Документ подписан Нургалиева Ж. Д., 17.06.2024

Дата вступления в законную силу: 25.07.2024, судья Нургалиева Ж. Д., 01.08.2024